

Тоқмансай орта мектебі

Қамқоршылық кеңес отырысының №2 хаттамасы

Күні: 16.09.2024

Қайнар ауылы

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Алдашев Р.Ж-қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Акбергенов С.Г-кеңес мүшесі
3. Айжарикова Н.Б-кеңес мүшесі
4. Сарыжданова Ш-кеңес мүшесі
5. Тулепов А.М-акеңес мүшесі
6. Нурмагамбетова С-кеңес мүшесі
7. Джамиева Қ-кеңес мүшесі

Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

1. Мектеп директоры А.Т.Карасаева
1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары- А.А.Ескельдина
2. Әлеуметтік педагог- А.Д. Каирбаева
 1. Мектепте ыстық тамақтың берілуі
 2. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Ескельдина сөз алды.

2024-2025 оқу жылы бойынша ыстық тамақпен қамтылатын оқушы саны-59 оның ішінде . 1-4 сыныптан 57 оқушы және I санаттағы яғни «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар» бір отбасынан екі оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылады. Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады. Күн сайын ғимарат жиналып, сенбі күндері санитарлық күн болады. Тағамдарды сақтау да санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қауіпсіздік техникасы ережелері сақталады, жұмыскерлермен тұрақты түрде ҚТ бойынша нұсқамалар жүргізіледі. Біздің асханада тағамдарды дұрыс сақтауға баса назар аударылады. Мектепте әр түрлі тағам өнімдерін дұрыс сақтауға арналған тоңазытқыш камералар бар, мұнда әр тағам түрі жеке сақталады. Олардың бар болуы тағам өнімдерінің сапасын тікелей дайындағанға дейін сақтауға жағдай жасайды. Тамақтану блогы жұмыскерлерінің арнайы жұмыс киімдерін киюі міндетті болып табылады. Бұл қажетті санитарлық гигиеналық нормаларды сақтауға мүмкіндік береді.

Мектеп асханасы толықтай қажетті ыдыс-аяқпен жабдықталған. Оның тазалығына баса назар аударылады. Жуу мен залалсыздандыру барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі, ең жақсы залалсыздандыру құралдары пайдаланылады. Мектептегі жұмыс жасаған уақыт ішінде асхананың кінәсінен асқазан-ішек жұқпасымен ауыру жағдайлары болған жоқ. Асханаға кіреберісте оқушылардың қолын жууға арналған арнайы орын бар. Дайындалған тағамдардың сыртқы түріне баса назар аударылады, сол себепті біздің аспаздар оған аса мән береді. Асханада үй жағдайындай жайлылық пен жылу сезінуге болады. Осылардың барлығы тамақтануға қосымша қолайлы жағдай жасайды.

Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жыл сайын қажетті заттарға сұраныстар беріледі. Биылғы оқу жылында мектебіміз жалпы толық жөндеуіне ілігіп отыр, оның сметалары дайындалуда. Жаңа заманауи құрал жабдықтарымен қамтылған класс кабинеттеріне сұраныс жазып отырмыз. Қазіргі таңда оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында қосымша үйірмелермен қамтылу керек. Осы мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің де атсалысуын сұраймын.

Қамқоршылық кеңестің шешімі:

1. Мектепте ыстық тамақтың берілуі бақылауға алынсын.
2. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері жалғасын тапсын.

Кеңес төрағасы: Алдашев Р.Ж

Хатшы: Ескељдина А.А.